

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

Жазушының шығармашылық зертханасы

Мұндай ғажап та тарихи сәтті қолына қалам ұстаған кез келген қаламгер армандайтын шығар. Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен бір аптаға созылған суреткер шығармашылығын зерделеуге арналған мазмұнды шараның барлығы да жазушы, драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Франц Кафка медалінің иегері, профессор Роза Мұқанованың 60 жас мерейтойына орай ұйымдастырылып отыр.

Қазанның 28-інен бастап елорда театрлары мен кітапханасында қарбаласқа толы қызу шығармашылық атмосфера орнаған. Бір уақытта бірнеше жерде қатарынан жүріп жатқан тағылымды іс-шараның тіпті қайсысына барарыңды білмей қиналасың. Себебі тыңғылықты ойластырылған жобаның қай-қайсысы да қызықты һәм мазмұнды.

Жеті күн тойланатын Мұқанова мерейтойының шымылдығы III халықаралық «Театр all» фестивалімен ашылды. Дәстүрлі өнер мерекесі биыл жазушы-драматург шығармашылығын арқау етті. «Мәңгілік бала бейне», «Фариза», «Бопай ханым», «Сарра», «Ешім де кінәлі емес», «Шатыр астындағы мен», тағы басқа болып жалғасып кете береді. Бүгінде Роза Мұқановадай театр үшін өндіріп жазған қаламгерлер некен-саяқ. Ол – театр қоржынын небір тағылымды туындыларымен байытқан қуатты қалам иесі.

Астанада осымен үшінші мәрте ұйымдастырылып жатқан халықаралық фестивальдың шымылдығы М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры әкелген әйгілі «Мәңгілік бала бейне» спектаклімен түрілді. Осыдан жиырма жыл бұрын реформатор режиссер Болат Атабаевтың қолтаңбасында көрерменнің ыстық ықыласына бөленген қойылым әлі күнге дейін көпшілік қызығушылығын титтей де кеміткен жоқ.

Сондай-ақ айтулы театр фестивалімен қатар Ұлттық академиялық кітапханада Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Қазақ ұлттық өнер университетінің ұйымдастыруымен «Роза Мұқанова шығармашылығы: әдебиет, театр, кино» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Алқалы жиынға шетелдік ғалымдар, әдебиет және өнер қайраткерлері қатысты. Олардың қатарында аудармашы, филология ғылымдарының кандидаты, Асуан университеті Шет тілдер факультетіндегі орыс тілі кафедрасының меңгерушісі Мұхаммед Рияд (Мысыр), жазушы, драматург, Өзбекстан Жазушылар одағының мүшесі Жавлон Жовлиев (Өзбекстан), аудармашы, PhD, Қажы Байрам Уали университетінің профессоры Жемиле Қынажы (Түркия), Хаджеттепе университетінің Әдебиет факультетіндегі Қазіргі түрік диалектілері мен әдебиеті кафедрасының ғылыми қызметкері, өнер магистрі Сабина Саид (Түркия) және өнер магистрі, Фрайбург университетінің докторанты, әдебиеттанушы Верена Цабель (Германия) бар.

Конференция Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтау сөзімен ашылды.

«Роза Қажығалымқызының туындылары терең психологиялық мәнге ие. Адам жанының нәзік қырларын ашып, өмірдің күрделі салаларына жауап іздейді. Оқырман мен көрерменді асқақ арман, өрелі ойға жетелейді. Осынау қажырлы еңбек пен шығармашылық болмыстан туған тұлғаның мерейтойына арналған бүгінгі шара Роза Мұқанованың әдебиет, театр, кино және педагогикадағы жарқын жолын тереңнен тануға мүмкіндік береді деп сенемін. Бүгінгі алқалы жиында қаламгер шығармашылығы ғылыми тұрғыда сараланып, салмақты ой-пікірлер айтылады деген ойдамын», деп жылы лебіз білдірілген құттықтау хатты Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің төрағасы Руслан Әли оқып берді.

Мазмұнды іс-шараны әрі қарай Қазақ ұлттық өнер университеті ректорының міндетін атқарушы Раушан Нұртаза: «Қаламгер бақытты қандай болу керек десе, менің көз алдыма Роза Қажығалымқызы келеді. Өзін іздейтін, шығармашылығыңдағы әр жаңалықты асыға күтетін оқырманы бар қаламгерден бақытты кім бар? Бүгінгі қазақ театрын «Мәңгілік бала бейне» «Сарра», «Фариза» сынды туындыларсыз елестету қиын. Бұл пьесалар әлемдік сахналарға да жол тартты. Ұлт әдебиеті мен мәдениетінің керегесін кеңейту жолында қаламгердің қосқан үлесі зор. Профессор Роза Мұқанованы шәкірттері өте жақсы көреді. «Роза Мұқанованың шәкіртімін!» дегенді мақтанышпен айтады. Ұстаз ұлағаты болмай, ұрпақ ұлағаты болмайды. Сіз шәкірттеріңіздің ғана емес, тұтас университетіңіздің мақтанышысыз», деген жылы лебізімен жалғады. Ал Ұлттық ғылым академиясының академигі, «Қазақ газеттері» ЖШС-ның бас директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Дихан Қамзабекұлы «Қазақ газеттері» ұжымы атынан жүрекжарды құттықтауын былайша жеткізді: «Азат Қазақстанның бүгінгі әдебиетіндегі қайталанбас шығармашылығыңызды талғамды жұрт ізденістің, ізгіліктің рәмізіндей көреді. «Жарық дүниеден» «Сарраға» дейін, «Құдірет-Киеден» «Бопай ханымға» дейін қос жанрдағы қадау-қадау еңбегіңіз – ұлт руханиятының олжасы. Дара болмысыңыз бен қолтаңбаңыз өзіңізді әрдайым биік абыройға бөлеп, руханиятты орнынан көтергені – замандастарымыз үшін де, жастар үшін де айрықша өнеге. «Егемен Қазақстаннан» бастап «Ұлан» газетімізге дейінгі тарихи басылымдардың авторы ретінде де орныңыз бөлек. Заңғар жазушы, Еңбек Ері Әкім Тарази ағамызбен бірге ұл-қыз өсіріп, Ұлттық өнер университетінде шәкірт тәрбиелеп, талантты буын қалыптастырдыңыз. Бұл да – еңбектің жемісі».

Театртанушы маман, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Театр және кино бөлімінің меңгерушісі Аманкелді Мұқан тізгіндеген конференцияда шетелдік қонақтармен қатар Алматыдан арнайы келген әдебиеттанушы, филология ғылымдарының кандидаты, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени

орталығының ғылыми қызметкері Ермек Ханкей, өнертану кандидаты, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры, Театр өнерінің тарихы мен теориясы кафедрасының меңгерушісі Анар Еркебай мазмұнды баяндама жасады. Сондай-ақ ақын, филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Оңайгүл Тұржан Роза Мұқанова драматургиясындағы басты ерекшеліктерді тереңінен талдаса, жазушы-журналист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Шәрбану Бейсенова Роза Мұқанованың прозасы турасында тұщымды пікір білдіріп, шығармашыл тұлғаның таланты мен талғамына жоғары баға берді.

Риясыз тілек төгілген мазмұнды мерейтойлық жиын аясында жазушының «Муза» атты таңдамалы шығармалар жинағы, театртанушы Нартай Ескендіров құрастырған «Драматургия сардары» атауымен ұжымдық монография, түрік ғалымы Сабина Саидтың «Қазақ жазушысы Роза Мұқанова және оның таңдамалы пьесалары» атты түрік тіліндегі кітабының тұсауы кесілді.

Екі күнге созылған ғылыми-тәжірибелік конференция театртанушы мамандар, өнертану кандидаты Аманкелді Мұқан мен Анар Еркебайдың, режиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлсина Мірғалиеваның, әдебиеттанушы, филология ғылымдарының кандидаты Ермек Ханкейдің және шетелден келген меймандардың шеберлік дәрістерімен мазмұн байытты. Мерейтойлық меже жазушы, драматург Роза Мұқанованың «Жарық дүние» атты шығармашылық кешімен түйінделді. Жиынға қаламгердің өмірлік серігі Әкім Тарази бастаған қаламгерлер қауымы мен Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев қатысты. Мәулен Сағатханұлы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді. Салтанатты іс-шара әрі қарай суреткер әлемінен жан-жақты сыр шерткен һәм драматургтің сахналық қойылымдарынан үзінділер көрсетумен жалғасын тауып, кешке жиналған көрерменін айрықша әсерге бөледі.

«Мерейлі жастың асуына келген шақта сіздермен жүздесудің осындай бір мезетті сәті туды. Мен ең әуелі әдебиетке, содан кейін досым, жарым – менің Әкім Таразиыма рахмет айтамын. Жазу тазалықтан, ақиқаттан туады. Қалам шын мәнінде жалған айтпайды. Жазу үстінде Алланың алдында отырғандай сезінетінім де рас. Сондықтан көңілдеріңізден шыққан шығармаларым болса, қадірлі оқырман, патша көңілді көрермен, мен ең алдымен өздеріңізге зор алғысымды білдіремін», деп кеш соңында сахна төріне көтерілген қалам иесі шырайлы іс-шараны қорытындылады.

Иә, адалдық! Әдебиетке адалдық, жазуға адалдық. Міне, жаны жарық жазушының бойындағы осы бір асыл қасиеті оны бүгінгі биігіне жеткізді. Бәсіресіне бұйырған қаламның қасиетіне қылаудай қиянат келтірмеуі көңіл санасын сұлу суреткерлік шыңына шығарды. Бұл біздің емес, қаламгер шығармашылығын қадір тұтқан оқырманы мен

көрерменінің риясыз пейілі екендігіне осы кеште тағы бір мәрте көз жеткізгендей болдық.

***P.S.:** Салтанатты жиын мәресіне жеткенімен, той әлі тарқаған жоқ. III халықаралық «Театр all» фестивалі аясында өтіп жатқан Роза Мұқанова драматургиясына арналған спектакльдер шеруі 3 қарашаға дейін жалғасады.*

Назерке ЖҰМАБАЙ